

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

**«Қазақ тілі» пәнінен (оқыту қазақ тілінде)  
қорытынды аттестаттау спецификациясы**

**9-сынып**

Нұр-Сұлтан қ., 2019

## МАЗМҰНЫ

1	Бағалау мақсаты.....	3
1.1	Оқу бағдарламасымен байланысы.....	3
1.2	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы.....	3
2	Емтихан жұмысының сипаттамасы.....	3
2.1	Бағалау міндеттері.....	3
2.2	Балдардың үлестірілуі.....	4
2.3	Емтиханды өткізу тілі.....	4
3	Емтиханды өткізу үдерісін басқару.....	4
4	Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою процесі.....	5
5	Бағалар сипаттамасы.....	6
6	Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары.....	6

## 1 Бағалау мақсаты

«Қазақ тілі» пәні бойынша (оқыту қазақ тілінде) оқу бағдарламасының көлемін білім алушылардың меңгеру деңгейі Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМББС) сәйкес анықталады.

### 1.1 Оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жаңартылған білім мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша (оқыту қазақ тілінде) үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелермен анықталады.

### 1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады.

## Критериалды бағалау жүйесі



## 2 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Оқылым және жазылым	2 сағат
Емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 400-450 сөз). Білім алушылар мәтін үзінділері негізінде екі мәтіндегі ақпараттарды өңдей отырып, 170-200 сөзден тұратын жазба жұмысын (эссе) орындайды. Гуманитарлық циклдағы пәндерді <b>тереңдетіп оқытатын</b> мектептің білім алушылары үшін емтихан жұмысы өтілген тақырыптарға сәйкес келетін екі мәтін үзінділерімен жұмысқа негізделеді (мәтіндердің жалпы көлемі – 450-500 сөз). Білім алушылар мәтін үзінділері	

<p>негізінде екі мәтіндегі ақпараттарды өңдей отырып, 200-250 сөзден тұратын жазба жұмысының 1-сүйін (мақала, эссе, әңгіме және т.б.) орындайды.</p> <p>Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын өңдей отырып тиімді пайдалануы, стильдік және жанрлық ерекшелікті сақтап, аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады.</p> <p>Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.</p>	
<b>Максималды балл</b>	<b>20 балл</b>

## 2.1 Бағалау міндеттері

1-БМ	<p><b>Коммуникативтік құзырлық</b></p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және егжей-тегжейлі ақпаратты (мәтіндік, сандық, графикалық) түсініп, интерпретациялауы;</li> <li>• әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алып, оларды талдауы және жинақтауы;</li> <li>• білім алушы естіген және оқыған ақпараттарын жинақтай отырып, әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазуы;</li> <li>• ұсынылған ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, өзінің проблемалық сипаттағы мәтінін (мақала, эссе, хат және т.б.) жазуы тиіс.</li> </ul>
2-БМ	<p><b>Тілдік құзырлық</b></p> <p>Білім алушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық, пунктуациялық нормаларды сақтауы тиіс.</li> </ul>

## 2.2 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың бөлінуі кестеде ұсынылған.

Бағалау міндеттері	Балл
1-БМ Коммуникативтік құзырлық	10
2-БМ Тілдік құзырлық	10
<b>Барлығы</b>	<b>20</b>

## 2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

### 3 Емтиханды өткізу үдерісін басқару

Емтихан «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары, сонымен қатар Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу бойынша Нұсқаулыққа сәйкес өткізіледі.

### 4 Емтихан жұмысы үшін балдар мен бағаларды қою үдерісі

Емтихан жұмысы үшін балл қою үдерісін ұсынылған балл қою сызбасы негізінде аттестациялық комиссия жүзеге асырады.

Білім алушылардың қойылған балдары балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік құрамы, %	Баға
0-7	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
8-12	40-64	3 (қанағаттанарлық)
13-16	65-84	4 (жақсы)
17-20	85-100	5 (өте жақсы)

### 5 Бағалар сипаттамасы

Бағалар сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Тәжірибеде ұсынылған баға білім алушылар жұмысының бағалау міндеттеріне қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты.

Баға	Сипаттама
5	<p>Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді.</p> <p>Әртүрлі типтегі, жанр мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, өңдеп қолданады. Коммуникативтік міндеттерге жауап бере отырып, мақсатты аудиторияның назарын өзіне аудара алады, идеяларды терең түсінгендігін көрсетеді.</p> <p>Ақпаратты терең талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, ұсынылған тақырыпты толықтай ашады, ойын жүйелі, еркін жеткізеді. Тілі жатық, тақырыпқа сай лексиканы ұтымды, дәлме-дәл қолданады.</p> <p>Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді, мәтін құрылымын қатаң сақтайды. Бірден көп емес орфографиялық/грамматикалық/пунктуациялық ұсақ қатесі бар немесе мүлде жоқ.</p>

4	<p>Білім алушы пән бойынша жеткілікті білімі мен түсінігін көрсетеді.</p> <p>Әртүрлі типтегі, жанр мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, өңдеп қолданады. Коммуникативтік міндеттерге жауап бере отырып, мақсатты аудиторияның назарын өзіне аудара алады, алайда маңызды идеяларды назардан тыс қалдырады.</p> <p>Ақпаратты жеткілікті деңгейде талдау және бағалау қабілетін көрсете отырып, ұсынылған тақырыпты ашады, ойын жүйелі жеткізеді. Тілі түсінікті, тақырыпқа сай лексиканы орынды қолданады.</p> <p>Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді, мәтін құрылымын сақтайды.</p> <p>Үштен көп емес орфографиялық/грамматикалық және пунктуациялық ұсақ қателер кездеседі.</p>
3	<p>Білім алушы пән бойынша базалық білімін көрсетеді.</p> <p>Әртүрлі типтегі, жанр мен стильдердегі мәтіндерден аздаған ақпараттарды қолданады.</p> <p>Ұсынылған тақырып бойынша сөздік қоры шектеулі, қолданылған лексика мен құрылымдар жалпы мазмұнды түсінуде қиындық тудырады. Мағыналық ірі қателер кездеседі.</p> <p>Жанрлық және стильдік ерекшеліктер, мәтін құрылымы сақталмайды.</p> <p>Үштен артық орфографиялық/грамматикалық/пунктуациялық қателер кездеседі.</p>
2	<p>Білім алушының базалық білімі жеткіліксіз.</p>

## 6 Тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары

Төменде берілген екі мәтінді оқып, тапсырманы орындаңыз.

**А мәтіні:** газет мақаласынан үзінді

### Мамандық таңдау – маңызды мәселе

Мектеп түлектеріне мамандық таңдауда бағыт-бағдар беретін нұсқаулық Қазақстанда жоқ. Сол себептен жастар бүгінде қандай мамандықтың сұранысқа ие екенінен бейхабар.

Олар жыл сайын қай мамандықтың қажетсіз деп танылғанын, жойылып кеткенін, заман талабына сай қандай жаңа мамандықтардың пайда болып жатқанын білмейді деуге болады.

Енді бұл мәселе шешіледі. Алдағы бес жылда сұранысқа ие болатын жаңа 100 мамандық жайлы энциклопедия жарық көреді.

Салтанат бір жылдан бері мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүр. Ол жоғары оқу орнын биология пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдаған.

– Өзім таңдадым. Мамандығымды жақсы көремін. Бірақ болашақта сұранысқа ие бола ма, жоқ па, оны ойламаппын. Ауыл мектебін бітіргендіктен шығар, көп мамандық түрлері барын білемпін. Оқуды бітірген кезде мамандығыма сай тез жұмыс табамын деп ойлағанмын. Бірақ, міне, бір жыл болды, әлі жұмыссызбын. Енді басқа саладан жұмыс іздестіруді ойлап отырмын, – дейді Салтанат.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында таңдау көп. Алайда жас түлектердің көпшілігі

тегін оқу деп жаны қалайтын мамандық бойынша оқуға түспейді. Қалаған мамандығын меңгермеген соң, жұмыс істеуге құлқы болмайды.

«Ұрпақ тағдыры – білім» қозғалысының жетекшісі Ерсайынның есебінше, мектеп бітірушілердің 20-30 пайызы ғана мамандықты дұрыс таңдайды.

– Қазақстанда мамандықтарға талдау жасалмайды. Ал түлектер тек грантқа ие болуды ойлайды. Ол мамандыққа сұраныс бар ма, бітірген соң жұмыс таба алады ма, оны ойламайды. Мектептерде кәсіптік бағдар беру жағы қарастырылмағандықтан, оқушылардың қолында мамандықтар туралы ақпарат жоқ, түк хабарсыз.

Арнайы зерттеу жүргізбедік, бірақ жылда жоғары білім алған жастардың 10-20 пайызы ғана өз мамандығымен жұмысқа тұратыны шындық. Қалғаны ақша табу үшін құрылысқа, күзетке орналасады, – дейді Ерсайын. (234 сөз)

**Ә мәтіні:** ғаламтор мақаласынан үзінді

### **Болашақта қандай мамандықтар пайда болады?**

Соңғы жүргізілген зерттеу нәтижелері жұмыс орындарының көпшілігіне қауіп төніп тұрғанын көрсетті. Яғни қазір бізге таныс мамандықтар болашақта қажет болмай қалуы әбден мүмкін.

2020 жылға қарай әлем бойынша еңбек нарығында 40 миллионнан жоғары білімді маманға қажеттілік болады деген болжам бар. Дегенмен ірі мемлекеттердің тұрғындарында «Білім алған саламыз сұранысқа сай болмай қалмай ма?» деген күдік пен үрей басым екен. «Pew Research Center» жүргізген зерттеу нәтижесіне сенсек, америкалықтардың 87 пайызы жұмыс орындарын сақтап қалу үшін қосымша білім алуға дайын екендіктерін айтыпты.

2015 жылы Оксфорд университетінің баспасынан Ричард Сасскинд пен Дэниель Сасскиндтің «Мамандықтар болашағы» атты кітабы жарық көрген. Онда болашақта қазіргі мамандықтарды екі түрлі өзгеріс күтіп тұрғаны айтылған. Біріншіден, жаңа технологиялар дәстүрлі жұмыс түрін жеңілдетуі мүмкін. Мысалы, дәрігер емделушімен «Skype» арқылы байланысады, сәулетші дизайн жасау үшін компьютерлік бағдарламаларды қолданады. Екіншіден, технологиялар кез келген салада проблемаларды шешудің тиімді тәсіліне айналады. Мысалы, жоғарыда айтылған медициналық онлайн диагностикалау маманының жұмысын жеңілдетсе, кейбір жаңа технологиялар кесірінен қызметкерлер жұмысынан айырылуы мүмкін. Билл Гейтстің айтуынша, алдағы 20 жылда қазіргі мамандықтардың көпшілігі автоматты бағдарламалармен жабдықталып, біліктілігі төмен қызметкерлер бәсекеге ілесе алмай қалуы мүмкін. (172 сөз)

Екі мәтіндегі ақпарат пен өз пікірлеріңізді пайдаланып, «Мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы қандай?» деген тақырыпта эссе жазыңыз. Эсседегі сөз көлемі 170-200 сөз болуы қажет.

[20]

### Балл қою кестесі

Коммуникативтілігі	Тіл сапасы
<p>9–10 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын терең түсінеді.</li> <li>• Өз ойын жүйелі жеткізу үшін ақпаратты өңдеп, ұтымды қолдана біледі.</li> <li>• Сәйкес стильді жоғары деңгейде қолданады.</li> </ul>	<p>9–10 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең идеяларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды өте жақсы түсінеді.</li> <li>• Тілі өте сауатты, бір ғана ұсақ қате болуы мүмкін, көркем, таза жазады.</li> </ul>
<p>7–8 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын жақсы түсінеді.</li> <li>• Өз ойын жүйелі жеткізу үшін ақпаратты өңдеп, орынды қолдана біледі.</li> <li>• Сәйкес стильді жеткілікті деңгейде қолданады.</li> </ul>	<p>7–8 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кейбір идея мен түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды жақсы түсінеді.</li> <li>• Тілі сауатты, екі ұсақ қатесі болуы мүмкін.</li> </ul>
<p>5–6 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын қанағаттанарлық деңгейде түсінеді.</li> <li>• Өз ойын жеткізу үшін кейбір ақпаратты өңдеп, қанағаттанарлық деңгейде қолданады.</li> <li>• Сәйкес стильден ауытқу байқалады.</li> </ul>	<p>5–6 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз ойын жеткізуде қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары қанағаттанарлық деңгейде.</li> <li>• Тіл сауаттылығы қанағаттанарлық деңгейде. Үш-төрт ұсақ және ірі қате кездеседі, бірақ мағынаны түсінуге кедергі келтірмейді.</li> </ul>
<p>3–4 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын түсінуі шектеулі.</li> <li>• Өз ойын жеткізу үшін аздаған ақпаратты өңдеу кезіндегі кейбір талпынысы көрінеді.</li> <li>• Бірізділік сақталмаған және стильді қолдануда қателер жібереді.</li> </ul>	<p>3–4 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз ойын жеткізуде қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары шектеулі.</li> <li>• Тілі сауатсыз, ұсақ және ірі қателері мағынаны түсінуге кедергі келтіреді.</li> </ul>
<p>1–2 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын түсінуі өте шектеулі.</li> <li>• Ақпаратты өңдемей дайын күйінде</li> </ul>	<p>1–2 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары өзара байланыспайды.</li> <li>• Мазмұнды түсінуге қиындық</li> </ul>



<p>қолданады, сондықтан өз ойын білдіруі байқалмайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Белгілі бір стильдік бірізділік жоқ.</li> </ul>	<p>келтіретін ұсақ және ірі қателер өте жиі кездеседі.</p>
<p>0 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын түсінбейді.</li> <li>• Көлемі жағынан жеткіліксіз, ұсынылған ақпаратпен байланыс жоқ.</li> </ul>	<p>0 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Грамматикалық және лексикалық нормаларды қолдануда ірі және ұсақ қателер тұрақты қайталанатын.</li> </ul>

## 7 Гуманитарлық циклдағы пәндерді тереңдете оқытатын білім алушылар үшін тапсырмалар мен балл қою кестесінің мысалдары

Төменде берілген екі мәтінді оқып, тапсырманы орындаңыз.

**А мәтіні:** ғаламтор мақаласынан үзінді

### Көрерменің қандай, қазақ театры?

Соңғы уақыттарда театр актерлеріне сыни көзқараспен қараушылар көбейіп жатқанын байқаймыз. Режиссердің жұмысы, қойылымның сценарийі, сахна мәдениетіне көңілі толмай жатқандар артты. Бірақ ешкім көрермен мәдениетін ескермейді. Менің ойымша, осы мәселеге де ерекше көңіл бөлу керек секілді.

Бүгінгі күні театрға барсаңыз, мәдениетті халықты көру қиындап кеткенін байқайсыз. Бұл ащы болса да шындық. Себебі көрермендер қарапайым ұялы телефондарын өшірмей, қойылым кезінде оның қоңырауына ие бола алмай жатады. Жастар қойылым көруге емес, әңгіме айтып, көңіл көтеруге келетін секілді. Жырқ-жырқ күлкі, бос әңгіме театрды шын ниетімен көруге келген адамдарды мезі етіп, оларға кедергі жасайды. Айта берсек, кемшілік көп. «Қара халықтың мәдениетті болуынан, мәдениетті адамның қазақ болу қиын», - дейді Жүсіпбек Аймауытов. Бәрі өзімізге байланысты. Егер театр ұжымынан жоғары деңгейдегі қойылымды күтсек, өзіміз де сол деңгейге лайық болайық! Сонымен, театр көрермені ретінде сіз сақтауға тиіс 10 қағида:

- Қойылымға уақытынан бұрын, не кешікпей келіңіз. Билетті алдын ала сатып алғаныңыз дұрыс.

- Киімнің сол ортаға сай болғаны дұрыс. Спорт киімімен немесе жұмыс киімімен келуші болмаңыз.

- Сыртқы ортада болған жағдайлардан туындағын түрлі эмоцияларды мұнда көрсетудің қажеті жоқ. Сіздің театрға келгендегі мақсатыңыз – рухани ләззат алып, жаныңызды жайландыру.

- Билетте көрсетілген орынға отырыңыз. Билетіңізде көрсетілген орынға отырсаңыз, сізді ешкім де жылы орныңыздан қозғамайды.

- Қойылым басталар алдында ұялы телефоныңызды не дыбыссыз режимге қойыңыз, не сөндіріп тастаңыз.

Сахнаның аса киелі екенін ешқашан да ұмытпайық! (208 сөз)

**Ә мәтіні:** сұхбаттан үзінді

**Белгілі сыншы, мәдени сарапшы Әлия Бөпежанова қазіргі театрлар туралы өз пікірін білдірді.**

*– Бүгінгі Қазақстандағы қазақ театрларының жай-күйі туралы не айта аласыз? Театр сыншысы ретінде ойыңыз қандай?*

Әрине, әлемдік театрмен бүгінгі қазақ театрын салыстыра алмаймыз. Себебі бірнеше мың жылдық тарихы бар әлемдік театр өнерінің бүгінгі даму қарқыны көз ілеспес жылдамдықпен алға қарыштап кеткен. Режиссура, драматургия, актерлік өнер, техникалық мүмкіндіктер, спектакльдерді жарнамалау әлемдік театрларда әлдеқашан игерілген. Сондықтан да әлемдік театр өнеріндегі жаңалықтарды бақылаудың өзі мүмкін емес. Бүгінгі таңда біздің қазақ театрына «жаңа драматургия» мен «жаңа режиссура» қажет. Біз әлемдік театрларда болып жатқан театрлық ағымдар мен үрдістерді бақылай отырып, өзіміздің ұлттық актерлік мектебімізді сақтап, ұлттық келбетімізді көрсететіндей деңгейден көрінуге тиіспіз.

*– Қазақ театрларының одан бөлек тағы қандай кемшіліктері сізді ерекше алаңдатады?*

– Меніңше, театрлардың басты проблемасы – репертуар таңдау мәселесі. Театр мамандары тақырыпқа жеңіл-желпі қарайды. Театрлардың репертуарында замандастар өміріне қатысты жазылған шығармалар, әлемдік және ұлттық классикалық пьесаларды сахнаға шығару төмендеп кеткен екен. «Репертуар – театр айнасы» деген сөз бекер айтылмаған. Себебі репертуардағы шығармалардың сапасымен театрдың бейнесі айқындалмақ. Әр театрдың репертуары сол театрдың өзіндік ерекшелігін ескере отырып жасалады. Сондықтан да бүгінгі қазақ театрларына жастардың патриоттық сезімдерін ұштайтын ұлттық салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді насихаттайтын пьесаларға орын берілуі керек деп есептеймін.

*– Әрине, пікіріңіз орынды, дегенмен қоғамның сұранысы дейтін мәселе де бар. Бүгінде әзіл-сықақ театрларының айы оңынан туып тұрған сияқты. Осы туралы ойыңыз қандай?*

– Қазір әзіл-сықақ театрлары көп. Жалпы, қазір әзіл-сықақ театрлары жан-жақты. Негізінен бүгінгі күннің әлеуметтік мәселелерін көтереді. Бірақ бір айтатын мәселе: олар қоғамдық әлеуметтік мәселелерден гөрі отбасы-ошақ қасы сияқты жеңіл-желпі тақырыптардың айналасынан аса алмай жүр. Кез келген өнер адамы саясаткер болу керек. Ол қоғамда не болып жатыр, парламент не талқылады, қандай халықаралық мәселелер қаралды, қысқаша айтқанда, бәрін біліп, бақылап отыру керек. Яғни деңгейі өте жоғары, ой-өрісі кең болуы тиіс. Өнерде интеллектуалдық ізденіс көбірек керек. Меніңше, әзіл-сықақ театрларында білім, ізденіс жағы жетіспейтін секілді... (324 сөз)

**Тапсырма:**

Берілген тапсырмалардың ішінен **1-еуін** таңдап, жауабын жазыңыз. Барлық тапсырмалар бірдей деңгейде.

**Эссе үшін тапсырма үлгісі**

Екі мәтіндегі ақпарат пен өз пікіріңізді пайдаланып «Қазіргі қазақ театрлары көрермендердің сұранысына сай ма?» деген тақырыпта эссе жазыңыз. Эсседегі сөз көлемі 200-250 сөз болуы қажет.

[20]

**Мақала үшін тапсырма үлгісі**

27 наурыз – бүкіләлемдік театр күні. Сізге сол айтулы күнге орай мектепшілік газетке «Қазіргі қазақ театры: бүгіні және болашағы» деген тақырыпта мақала жазу тапсырылды. Екі мәтіндегі ақпарат пен өз пікіріңізді пайдаланып мақала мәтінін жазыңыз. Сөз көлемі 200-250 сөз болуы қажет.

[20]

**Әңгіме үшін тапсырма үлгісі**

Театрда көрермендердің кешігіп келуі, киім кию мәдениеті, ұялы телефонмен сөйлесу және сол сияқты қарапайым мәдениет нормаларын сақтамау жиі кездесіп тұрады. Аталған мәселені негізге алып, театрда болған оқиға туралы әңгіме жазыңыз. Сөз көлемі 200-250 сөз болуы қажет.

[20]

**Балл қою кестесі**  
(Өңгімеден басқа жазылым түрлеріне арналған)

Коммуникативтілігі	Тіл сапасы
<p>9–10 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын терең түсінеді.</li> <li>• Өз ойын жүйелі жеткізу үшін ақпаратты өңдеп, ұтымды қолдана біледі.</li> <li>• Сәйкес стильді жоғары деңгейде қолданады.</li> </ul>	<p>9–10 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең идеяларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды өте жақсы түсінеді.</li> <li>• Тілі өте сауатты, бір ғана ұсақ қате болуы мүмкін, көркем, таза жазады.</li> </ul>
<p>7–8 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын жақсы түсінеді.</li> <li>• Өз ойын жүйелі жеткізу үшін ақпаратты өңдеп, орынды қолдана біледі.</li> <li>• Сәйкес стильді жеткілікті деңгейде қолданады.</li> </ul>	<p>7–8 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кейбір идея мен түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды жақсы түсінеді.</li> <li>• Тілі сауатты, екі ұсақ қатесі болуы мүмкін.</li> </ul>
<p>5–6 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын қанағаттанарлық деңгейде түсінеді.</li> <li>• Өз ойын жеткізу үшін кейбір ақпаратты өңдеп, қанағаттанарлық деңгейде қолданады.</li> <li>• Сәйкес стильден ауытқу байқалады.</li> </ul>	<p>5–6 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз ойын жеткізуде қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары қанағаттанарлық деңгейде.</li> <li>• Тіл сауаттылығы қанағаттанарлық деңгейде. Үш-төрт ұсақ және ірі қате кездеседі, бірақ мағынаны түсінуге кедергі келтірмейді.</li> </ul>
<p>3–4 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын түсінуі шектеулі.</li> <li>• Өз ойын жеткізу үшін аздаған ақпаратты өңдеу кезіндегі кейбір талпынысы көрінеді.</li> <li>• Бірізділік сақталмаған және стильді қолдануда қателер жібереді.</li> </ul>	<p>3–4 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз ойын жеткізуде қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары шектеулі.</li> <li>• Тілі сауатсыз, ұсақ және ірі қателері мағынаны түсінуге кедергі келтіреді.</li> </ul>
<p>1–2 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын түсінуі өте шектеулі.</li> <li>• Ақпаратты өңдемей дайын күйінде қолданады, сондықтан өз ойын білдіруі байқалмайды.</li> <li>• Белгілі бір стильдік бірізділік жоқ.</li> </ul>	<p>1–2 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары өзара байланыспайды.</li> <li>• Мазмұнды түсінуге қиындық келтіретін ұсақ және ірі қателер өте жиі кездеседі.</li> </ul>
<p>0 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің аудиториясын, жанрлық ерекшелігін және мәтін мазмұнын түсінбейді.</li> <li>• Көлемі жағынан жеткіліксіз, ұсынылған ақпаратпен байланыс жоқ.</li> </ul>	<p>0 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Грамматикалық және лексикалық нормаларды қолдануда ірі және ұсақ қателер тұрақты қайталаынады.</li> </ul>

**Балл қою кестесі**  
(Әңгіме жанрына арналған)

Коммуникативтілігі	Тіл сапасы
<p>9–10 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені өте жақсы қолданады, аудиторияны толық тарта біледі.</li> <li>• Өз ойын жүйелі жеткізу үшін ақпаратты өңдеп, ұтымды қолдана біледі.</li> <li>• Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын өте жақсы қолданған.</li> <li>• Сәйкес стильді жоғары деңгейде қолданады.</li> </ul>	<p>9–10 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең идеяларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды өте жақсы түсінеді.</li> <li>• Тілі өте сауатты, бір ғана ұсақ қате болуы мүмкін, көркем, таза жазады.</li> </ul>
<p>7–8 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені орынды қолданады, аудиторияны толық тарта біледі.</li> <li>• Өз ойын жүйелі жеткізу үшін ақпаратты өңдеп, орында қолдана біледі.</li> <li>• Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын жақсы қолданған.</li> <li>• Сәйкес стильді жеткілікті деңгейде қолданады.</li> </ul>	<p>7–8 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кейбір идея мен түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды жақсы түсінеді.</li> <li>• Тілі сауатты, екі ұсақ қатесі болуы мүмкін.</li> </ul>
<p>5–6 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырмада шығармашылық тәсілдемесі шектеулі, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді.</li> <li>• Өз ойын жеткізу үшін кейбір ақпаратты өңдеп, қанағаттанарлық деңгейде қолданады.</li> <li>• Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын шектеулі қолданған.</li> <li>• Сәйкес стильден ауытқу байқалады.</li> </ul>	<p>5–6 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз ойын жеткізуде қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары қанағаттанарлық деңгейде.</li> <li>• Тіл сауаттылығы қанағаттанарлық деңгейде. Үш-төрт ұсақ және ірі қате кездеседі, бірақ мағынаны түсінуге кедергі келтірмейді.</li> </ul>
<p>3–4 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырмада шығармашылық тәсілдемесі анық емес, аудиторияны сезу қабілеті аздап байқалады, бірақ анық емес, өз ойын білдіруге талпынады.</li> <li>• Өз ойын жеткізу үшін аздаған ақпаратты өңдеу кезіндегі кейбір талпынысы көрінеді.</li> <li>• Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын қолдану әрекеті байқалады.</li> <li>• Бірізділік сақталмаған және стильді қолдануда қателер жібереді.</li> </ul>	<p>3–4 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз ойын жеткізуде қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары шектеулі.</li> <li>• Тілі сауатсыз, ұсақ және ірі қателері мағынаны түсінуге кедергі келтіреді.</li> </ul>
<p>1–2 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырмада шығармашылық тәсілдеме байқалмайды, аудиторияны сезу қабілеті</li> </ul>	<p>1–2 балл</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолданған грамматикалық және лексикалық нормалары өзара</li> </ul>

<p>төмен.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Ақпаратты өңдемей дайын күйінде қолданады, сондықтан өз ойын білдіруі байқалмайды.</li><li>• Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын қолдану әрекеті байқалмайды.</li><li>• Белгілі бір стильдік бірізділік жоқ.</li></ul>	<p>байланыспайды.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Мазмұнды түсінуге қиындық келтіретін ұсақ және ірі қателер өте жиі кездеседі.</li></ul>
---	---